

«Бекітемін»

Мектеп директоры

С.А. Сағындыкова



«21» 02 2024ж

**«Қостомар ауылының жалпы орта мектебі» КММ**  
**педагог - психологтың 2023-2024 оқу жылының ақпан айына арналған**  
**жұмыс жоспары**

| № | Жұмыс мазмұны                                                                                | Қолданылатын әдіс – тәсілдер | Сынып                 | Мерзімі | Жауапты        |
|---|----------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------|-----------------------|---------|----------------|
| 1 | Құқық бұзушылық, бопсалаудың алдын алу жөнінде сауалнама                                     | Сауалнама                    | 5-10 сынып            | Ақпан   | Бердалиева.Б.Р |
| 2 | «Діни экстремизм жайлы не білеміз?» түсіндіру жұмысы                                         | Түсіндіру жұмысы             | 5-10 сынып            | Ақпан   | Бердалиева.Б.Р |
| 3 | 8-10 сынып оқушыларының депрессия деңгейін анықтау.<br>Э.Бэк депрессия шкаласы анықтау тесті | Сауалнама                    | 8-10 сыныптар         | Ақпан   | Бердалиева.Б.Р |
| 4 | «Тәртіп бұзушылықтың алдын-алу» бойынша сынып жетекшілермен жұмыс                            | сынып жетекшілермен жұмыс    | Сынып жетекшілер      | Ақпан   | Бердалиева.Б.Р |
| 5 | «Мамандықтар шеруі» тақырыбында зерттеу жұмысы                                               | Тренинг                      | 9 сынып               | Ақпан   | Бердалиева.Б.Р |
| 6 | «Өмірге ИЯ деп айт!» жобасы                                                                  | Тренинг                      | 8-10 сынып оқушылары, | Ақпан   | Бердалиева.Б.Р |

Педагог-психолог: *Б.Р.* Бердалиева.Б.Р



## «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу» айлығы

**Мақсаты:** Жастар арасында діни экстремизм мен терроризм жайлы түсінік беру. Діни ағымдардың қоғамға әсерін көрсету. Әлемде болып жатқан террористік әрекеттер туралы ой түйю. Жастардың діни ой-санасын дұрыс қалыптастыруға бағыттау. мақсатта: оқушыларға қазіргі кездегі салт-дәстүрдің ара қатынасы, ондағы шешімін табуға тиісті мәселелер, сондай-ақ, қазақ қоғамын жайлап бара жатқан түрлі келімсек дүние ағымдар, олармен күресу, сақтану жолдары турасында пікірлесу болды.

**Дамытушылық мақсатта:** діни наным-сенім мен олардың пайдасы, зияны турасында өмірден нақты мысалдар келтіре отырып түсіндіру, әлемдік діндер мен түрлі ағымдарға байланысты ой-өрісі мен дүниетанымын кеңейту көзделді.


### Жоспары:

- 1.Терроризм ұғымына, түрлеріне, қай уақытта пайда болғанына түсінік беру.
- 2.Террорлық әрекеттердің белең алуы неліктен? (Пікірталас)
3. Террористік ұйымдар мен діни секталардың таралуы.

**Тәрбиелік мақсатта:** елдің болашағына ат салысу, отан сүйгіштікке, ізгілікке, мейірімділікке бөлей отырып, имандылық тәрбие беру.

Сабақ барысында оқушылар өзінен «Ислам туралы не білеміз?», «Экстремизм, терроризм деген терминдерді қалай түсінетіндігі» туралы өз ойларын тындадық. Сабаққа арнайы дайындалған «Діни экстремизм және терроризм», «Абайлаңыз секта!...», «Дінімізге берік болайық» тақырыбында мәліметтер оқылды және бейнеролик көрсетілді. «Шындық пен сұмдық» бейнефильмінен үзінді көріп оқушылар арасында пікірталас, «Не істер едің?» тақырыбында топ арасында ойындар ойнатылды.



Оқушылар жақсы көңілмен өтті, 5,6,7,8,9,10-сыныптар ұсынылған тақырыпта аса қызығушылық танытты. Жоғары деңгейдегі дайындықпен оқытушылардың уақытты пайдалы өткізуге мүмкіндік берді. Оқушылар жағы сұрақты талдауда белсенділік көрсетіп, осындай іс-шаралардың тағы да болып тұруына ұсыныс жасады.



Тарих пәні мұғалімен Баймолда.Л ұйымдастырумен 8-10 сынып оқушылар арасында «Діни экстремизм, жайлы не білеміз?» деген баяндама оқыды.




Мұғалімсөзі:Боймолда.Л Терроризм не екендігі туралы біздің заманымызда айтылған сөз көп. Бұл сөздің анықтамасы адамдар мен қоғамға байланысты әртүрлі болады. Мысалы, көптеген тұлғалардың анықтамасы бойынша «терроризм» сөзі өзінің ұғымында джихадты, муджахидтарды, шарифат елдерінде жаза қолдануды қамтиды. «Терроризм» - араб тілінде «ирхаб» сөзімен аталады, мағынасы - «қорқыту». Тероризм мен діни экстремизм адамзат баласына қауіп пен қатер төндіретін ұйымдар. Олар өз мүдделерін жүзеге асыру үшін небір озбыр әрекеттерге барады. Билік пен байлыққа қол жеткізу үшін ештеңеден тайсалмайды. Билікті орнынан кетіріп, дінді сылтау етіп, адамдар өміріне қауіп ұялатады. Қоғам арасында алауыздықты тудырып, тыныштықты бұзады. Ендеше біз бүгінгі тақырыбымызда н түсінік алатын боламыз.ҚКҚ



Экстремизм деген латын сөзі «шеттеу», яғни орталықтан ауытқу, тәртіпке бағынбау, өз пікірімен ғана іс – әрекет жасаушы деген ұғымды білдіреді. Экстремизмнің пайда болуы надандыққа, көр соқырлыққа бейімделген көзқарастардан туындайды, яғни олардың ойы «текқана менің пікірім дұрыс, өзгенікі бұрыс дегенге саяды». Бұл оның ең алғашқы кезеңдері болып саналады. Сондайақ тағы бір көрінісі – өзгелерді көреалмау, түсінбеу немесе түсінгісі келмеу. Олар өздерін өте таза, кіршіксіз санап, басқаны адасушыларға жатқызады. Тура жол көрсеткендерді мойындамайды. Міне осы себептерден, түрлі төңкерістер мен қан төгістерден орын алуы ықтимал. Экстремизм мүшелері көздеген мақсаттарына жету үшін ешнәрседен қаймықпайды. Тіпті өздерін құрбан етуге әзір. Осылайша күш, қару қолдану және заңдар сенім – нанымдарды аяққа таптап, дін атын бүркемелеп, Халқымызда «Байлық – байлық емес, бірлік байлық», – деген нақыл сөз бар. Елдің тыныштығы мен тұрақтылығын сақтауда дін саласында қызмет жасап жүрген азаматтарға үлкен жауапкершілік жүктелген. Елімізде ресми түрде қызмет жасап жүрген діндердің міндеті халықты ауызбіршілікке шақыру. Өйткені діннің мақсаты – ізгілікті дәріптеу. Адамды соған тәрбиелейді. Ұйымшылдыққа ұйытқан ізгі істер алдағы уақытта да нәтижелі болатынына сенеміз. Әлемде болып жатқан саяси жағдай, онда экстремистік топтардың жасап жатқан іс-әрекеттерін айыптап, талқылап, сол топтарда жастардың, оның ішінде кәмелет жасына толмаған балалардың ол топтарға көптеп тартылу себебін анықтау, жалпы қазіргі жағдайда жастардың діни сауаттылығын ашу, олардың жалған діни секталардың арбауы мен



шырмауына түсіп қалмаудың алдын алу амалдарын жасау керектігін түсіндіру.



### **Ойқозғау.**

Оқушылар, «терроризм» деген сөзді айтқанда ең бірінші ойларыңа не келеді?

Террорлық іс-әрекеттерден зардап шегетін кім?

( Ойларын дәптерге жазады) өз пікірлерімен бөліседі.

**Қорытынды:** Оқушылар өз ойларын айтып сауалнамаға жауап берді. Сонымен біз қателіктерімізді жөндеу арқылы бейбітшілік өмірге қол жеткізу, ізгілікке, адамзатты мейірімділікке, жақсылық жасауға шақыра отырып, сабақымызды аяқтаймыз.

**Педагог-психолог: Бердалиева.Б.Р** *Б.Р.*



## Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар балалармен жұмыс

### Хаттама

**Мақсаты:** Жеке тұлғаның әлеуметтік өзіндік танымға қабілеттілігі және оның бағытталуы, қызығушылығының қалыптасуы мен дамуы, білімділік және біліктілік дағдыларын үйретудің жағдайын жасау; Баланың есте сақтау динамикасын анықтау; Баланың психикалық даму деңгейін, ерекшелігін, психикалық дамудағы, мінез-құлқындағы ауытқушылығын анықтау.

**Міндеттері:** Сәйкес келетін деңгейінде психо-физиологиялық мүмкіндігін дамыту, артикулярдық аппаратын, фонематикалық есту қабілетін, қолының ұсақ бұлшық ет-терін, қиымыл-қозғалысын шынықтыру.

**Күтілетін нәтиже:** Психо-физиологиялық мүмкіндігі дамиды. Өз-өзіне сенім артады, өзін-өзі бағалай білуге, қоршаған ортасына сүйіспеншілікпен қарауына жол ашады. Оқудағы негізгі қиындықтары жойылады. Жағымды мінез-құлық қалыптасады



**Көрнекіліктер:** ақ қағаз және түрлі түсті қағаз сурет салу

Баланың танымдық және жеке көңіл-күйінің ауқымын терең психологиялық эксперимент жүргізе отырып, бала бойындағы ерекшеліктерді анықтауға болады.

### Психологтың жұмыс жүргізу жүйесі

1. Баланың психикалық дамуының ауытқу себебін анықтау;
2. Тұлғаның жеке интеллектуалдық дамуы ауытқуының-коррекциясын жүргізу, психологиялық көмек беру;
3. Барлық сұрақтарға шешу барысында әр жағдайдың ерекшелігін ескеріп, балалардың денсаулық, ар-намысына зиян тигізбеу;
4. Оқушыларды тексеруден өткізу психикалық және танымдық дамуындағы мүмкін болар кешеуілдеуді анықтау;
5. Әрбір балаға жекелеген қатынас жолдарын табу;
6. Баланың ой-өрісінің деңгейін анықтау.

Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың бойындағы қарым-қабілетін ашу үшін олардың шығармашылық шеңберін бағдарлау қажет




9а сынып Жорахан Нұрасылдың салған және қызға салған суреттері. Сурет салу балалардың моториктерін дамытады. Балалар шығармашылығында балаға әр қырынан тигізер пайдасы өте жоғары салалардың бірі – көркем сурет. Бала қиялын дамытуда, икемін бағыттауда


Сурет салу – ойлауды, сөйлеуді, көруді және мидың екі жарты шарларын, яғни, мидың екі бөлігін дамытады. Сурет салу кезінде мидың екі жарты шарлары да қатысады, нейрондық байланыстар белсенді түрде пайда болады. Бала сурет салған сайын, миындағы шығармашылық, өнерпаздық нейрондар бір-бірімен байланысады. Сөйтіп, кеңістіктік ақыл-ой мен қиялды дамытады. Сурет салу процесінде, нақты нәтиже алады, яғни, бала алдына мақсат қояды, сол қойған мақсатына қадам арқылы жетуге үйретеді. Біз емес, сурет салу! Сонымен қоса, сурет салу - баланы тыныштыққа үйретеді. Әсіресе мынау, қырсық-қыңыр болудан сақтайды. Депрессияға және неврозға бейім балаларға сурет салу




өте пайдалы. Кескіндеме арқылы балалар қоршаған әлемді шығармашылық тұрғыдан түсінуге үйренеді және әр адамның өзінің шындықты қабылдауы, объектілер мен құбылыстарды өзіндік көзқарасы бар екенін түсінеді.



Сурет салу балаларға эстетикалық тәрбие тұрғысынан беретін басты нәрсе - бейнелеу өнері арқылы дүниежүзілік мәдениетпен танысу. Яғни, табиғатты, жан-жануарларды, жалпы дүние жүзін көре отыра және оны салып мұқият танысады. Сөйтіп, бала табиғатқа жақын болады.



Балалар шығармашылығында балаға әр қырынан тигізер пайдасы өте жоғары салалардың Инклюзивті білім балаларға қатысты кез келген кемсітушілікті жоққа шығаратын, барлық адамдарға бірдей қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға ерекше жағдай жасайтын идеологияға негізделген.



**Қорытынды: Психолог сөзі:** Жорахан Нұрасылға, бүгінгі ойынымыз ұнады ма? - Жарайсың, ойынның жақсы болуы сенің арқанда екендіктерін ұмытпаңдар. Әрдайым көңілдерін бүгінгідей шуаққа толы болсын! (Оқушы көңіл – күйімен бөлісіп, жасаған жұмыстарын талдап, ойларымен бөлісіп, еңбектерінен көрме жасақтау). Баланың қабілеттері немесе жетістіктері үшін бағаланбауы керек; - Қандай болмасын, әрбір бала сезініп, ойлай алады; - Әрбір бала қарым-қатынас жасауға, өздерін естіртуге құқылы; - Адамдар бір-біріне қажет. Қоғам осылай құрылады. Нағыз білім нақты қатынастармен жүзеге асырылуы керек. Барлық балаларға қолдау мен достық қажет. Әртүрлілік адам өмірінің барлық аспектілерін күшейтеді.

Педагог- психолог: Бердалиева.Б.Р 0-11



## «Өмірге ИЯ деп айт!» тренингі

«Өмірге иә деп айт!» қалалық ақпараттық акция аясында « Әдістемелік орталық» МКҚК психологиялық қолдау көрсету бөлімінің ұйымдастыруы мен іс-шаралар жоспарына сәйкес Қостомар ауылының жалпы орта мектебі 4 «А» сынып оқушыларымен «Өмірге иә деп айт!» атты видео-тренинг өткізілді.

**Тренинг мақсаты:** оқушылардың өмір туралы көзқарастарын анықтау және өмірді қалай сүйетіндерін байқау; өмірдегі орны қандай деңгейде бағаланып жатқанын қаншалықты білетіндерін анықтау.

Оқушыға өмір құндылықтарын кеңінен таныту, оқушыға өзін тануға мүмкіндік беру, өмірге құштарлығын дамыту, өмірдің мәнін түсінуге тәрбиелеу барысында өтілді.

**Міндеттері:** «Өмірге иә деп айт!» атты тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты оқушылар өмірдің құндылығын сезіндіру, өмірдің мәні туралы ой пікірлерін ортаға салдыру, өмірге жақсы көзқараспен қарауға, қадірлей білуге, тәрбиелеу.

**Ұымдастыру:** ақ қағаз, түрлі түсті карандаш сурет салу ойындар.



Әрбір адам - өмірге келген қонақ. Өмір өте мәнді, мағыналы, мазмұнды өтуі үшін «қамшының ғана сабындай қысқа өмірде «адамдардың бір - бірімен сыйластықта болғанына не жетсін! Жан – жағымызға мұқият қарасақ, айналамызда күйбең тіршілік жүріп жатыр. Адамдар еңбек етуде, жұмысқа бара жатады, жұмыстан қайтып жатады. Демалады, қонаққа барады, алға қойған мақсаттарына жетіп, басқа бір мақсаттар қойып жатады. Кейбіреулер болса қайғы - мұңды бастарынан өткеріп жатады. Ал, кейбіреулер не үшін өмір сүріп жүргендерін, қиындықтардан қалай құтылу керектігін білмей өмірден түңіліп жатады. Бұл - өмір. Қалтарыстары мен қиындықтары көп осынау өмірде адамдар бір – біріне және өздеріне мейіріммен қарап, ізгі ниетпен жақсылық жасай білу керек. Сол қиындықтарды жеңу жолдарын іздеп, алға қойған мақсаттарына жете білулері әркімнің өз қолында.



Өмірге деген құштарлықтарын, қызығушылықтарын ояту, өмірдің мәні туралы ой пікірлерін ортаға салдыру, өмірге жақсы көзқараспен қарауға, қадірлей, бағалай білуге



тәрбиелеу өмірден өз орындарын таба біліп, айналасына қуаныш сыйлай білуге үйрету. Балалардың бойына адами ізгі қасиеттерді қалыптастыруға, денсаулықтың қадірін түсіне, сақтай білуге тәрбиелеу.

Балаларды олардың денсаулығына зиян келтіретін ақпараттың, насихат пен үгіттің теріс ықпалынан қорғау, сондай-ақ осы саладағы халықаралық және ұлттық заңнама негіздері туралы үлкендер мен балаларды қоса, қоғамның ақпараттандырылуын арттыру, еліміздің әрбір аймақтарындағы тілшілерді балаларды зиянды ақпараттан қорғау мәселелерін жариялауға тарту;



#### **Қорытынды:**

Біз бүгінгі бағдарламамызда көңілді жайында ашық әңгіме жасадық. Осы тақырып төңірегіндегі өз ойларымызды ортаға салып, дастарымыздың пікірлерін білдік, тыңдадық. Сөз соңында «Адамды өмір үйретеді, үйретпесе күйретеді» дегендей «Өмірдің қызығын көрудің бір-ақ жолы бар батыл болып, жеңілісттер мен ауыртпалықтардан қорықпау» дегім келеді.

Біз бақыттымыз, себебі біз тәуелсіз мемлекетте өмір сүреміз.

Денсаулығыңыз мықты болсын, спортпен айналысыңыз. Сіз ел үшін керексіз. Өйткені сіздер – тәуелсіз еліміздің болашағысыздар!

Жақсыға жақын жүріп, жанымызды жадырата білсек, біз үшін төнген қауіп жоқ, бойды басар дерт те жоқ деп қорытындылағым келеді.

Олай болса, өмірден өз еншілеріңізді алудан кеш қалмаңыздар!!!!

ӘРИНЕ, БҰЛ «АЙТУҒА ОҢАЙ ...» бағдарламасы!!!

Келесі кездескенше сау болыңыздар!



## **7,8,9,10- сынып оқушыларымен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жүргізілген сауалнама**

7,8,9,10- сынып оқушыларымен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жүргізілген сауалнаманың анықтамасы

Мерзімі: 12-16.02.2024жыл

Қатысқандар:

7 «а» сынып – 10 оқушы

8 «а» сынып – 12 оқушы

9 «а» сынып – 12 оқушы

Жауапты: мектеп психологы: Бердалиева.Б.Р

Әдісі: анонимді сауалнама

**Мақсаты:** Оқушылардың өз құқығын білу, құқықтық мәдениетін жетілдіре отырып, Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы білімдерін шыңдау, құқық бұзушылықтан аулақ болуға шақыру.

**Көрнекілігі:** Күй, Сауалнама «Мен және менің құқығым», суреттер, нақыл сөдер, «Балалар құқықтары туралы конвенциясы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңы», эпиграф,

Әдіс-тәсілі: Сұрақ-жауап, Сауалнама жүргізу, пікір айту, ой толғау, топпен жұмыс, сурет салу.

**Барысы:**

I. Ұйымдастыру.

-Әнұран

**Зерттеу мақсаты:** балалар мен жасөспірімдердің өз құқықтары туралы, балалар құқықтары туралы Конвенцияның негізгі ережелері туралы сауаттылық деңгейін мониторингілеу

Барысы: оқушыларға анонимді сауалнама бланктері таратылып, сұрақтарды мұқият оқып, дұрыс жауаптарды белгілеуді және өз жауабын жаза алатындығы ұсынылды. Нәтижесінде жалпы анонимді сауалнамаға 34 оқушы қатысты

Тестлеу жұмысы барысында: 6 сұрақтан құралған жасырын сауалнама 7- 9 сынып оқушыларынан алынып қорытындысы шығарылды.

1. Сен мектепте Зорлық зомбылыққа ұшырадың ба?- деген сұраққа «жоқ»- деп 32 оқушы 100% жауап берді .
2. Егер «Иә» болса көмек сұрап, полицияға жүгіндің бе?- деген сұраққа «жоқ» - деп 32 оқушы 100 % жауап берді.
3. Сіздің мектепте Бопсалаушылық деректер барма? - деген сұраққа «жоқ» - деп 32оқушы 100%жауап берді.
4. Саған қатысты бопсалаушылық болды ма?- деген сұраққа «жоқ» - деп 32 оқушы 100% жауап берді.
5. Егер «иә» болған жағдайда бопсалаушы сіздің мектепте оқи ма? - деген сұраққа «жоқ» - деп 32оқушы 100% жауап берді.
- 6.Сіздің мектепке бөгде адамдардың келгенін көрдің бе? - деген сұраққа «жоқ»-деп 32 оқушы 100% жауап берді.





**Бірінші мәселе** бойынша-Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.


Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр, себебі өмірлік қиын жағдайға душар болған жасөспірімдердің саны азаяр емес. Бұл санатқа, көбінесе отбасылық жағдайы нашар, демалыс мезгілі ойластырылмаған, өздеріне өздері бас болып жүрген балалар жатады.

**Екінші мәселе** бойынша -Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмыс жоспарымен таныстырылды. Оқушылармен, ата аналармен алдағы атқарылатын жұмыстар жөнінде айтылды.

**Үшінші мәселе** бойынша-Қылмыстың алдын алудың бірден-бір жолы - оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру. Бүгінгі күні мектептегі мектептен тыс оқушы қосымша біліммен қамтылып отыр.

Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс саны азая түседі. Мысалы, ішкі істер бөлімінде тіркеуде тұрған бала жоқ. Оқушыларды мектепшілік есепке қою және есептен шығару ережелері туралы таныстырылды.

**Төртінші мәселе** бойынша -баланың психикалық дамуы және психологиялық портретін құру немесе бүтіндей жас топтарымен танысу кезінде немесе басқа да аспектілерді көрсетеді. Ол еркін түрде жазылады және әкімшіліктен бұрыштама қоюды талап етпейді. Сипаттама баланың жеке даму ерекшеліктері туралы, яғни оның танымдық және тұлғалық- эмоционалдық саласы, психофизиологиялық қыр-сырлары, коммуникативтік тілектері, балада бар жалпы және арнайы қабілеттері және т.б көрсетіледі. Мектеп психологі Бердалиева.Б.Р жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша психологтардың жұмыс жоспарымен таныстырып өтті.



**Қорытынды:** 7-9 сынып бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу сауалнамасына 32 оқушы қатысты. Сауалнама негізінде оқушылардың өз құқықтарын білетіндігі, әр баланың қай елде болмасын құқықтары тең екендігі, балалар өз құқықтары туралы Бала құқығы туралы Конвенцияны білуі міндетті екендігі туралы сауалнама барысында жауаптар алынды.



**Тақырыбы:** «Біз өмірдің гүліміз»

**Мақсаты:**

Өмірге деген құштарлықтарын,қызығушылықтарын ояту, өмірдің мәні туралы ой пікірлерін ортаға салдыру,өмірге жақсы көзқараспен қарауға, қадірлей, бағалай білуге тәрбиелеу өмірден өз орындарын таба біліп, айналасына қуаныш сыйлай білуге үйрету.

Балалардың бойына адами ізгі қасиеттерді қалыптастыруға, денсаулықтың қадірін түсіне, сақтай білуге тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

→ Денсаулықты сақтау және нығайту туралы білім беру.

→ Өзін-өзі тәрбиелей білу, жағымсыз іс-әрекеттерден аулақ болу.

→ Салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:**«Өмірге -ИЯ деп айт!» атты плакат, қанатты сөздер,

**Барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

Психологиялық дайындық “Шаттық шеңбері” Топқа бөлу:

Сәлеметсіңдер ме балалар! Бүгінгі сабағымызда мен сендерге жақсы көңіл -күй сыйлағым келеді.

( күліп тұрған күннің бейнесі)

- Мынау не балалар?

-Күн.

-Күн не істеп тұр?

-Күн күліп тұр

Ия, Күлкі деген керемет

Бәрімізге ол керек

Қуаныш пен шаттықтың

Белгісі болып есептеледі екен.

-Ендеше балалар, қазір мен сендерге мынау күліп тұрған күнді сыйлаймын! Жақсы, балалар, қарандаршы бүгінгі күн не деген әдемі, неткен әсем. Күн өз жылуын бүкіл Семей қаласына, жер бетіне төгіп, таратып, шапағатын сеуіп тұр. Ендеше біз сол күнге сәлем берейік.

Сәлем бердік, алтын күн,

Сәлем бердік, ашық аспан.

Сәлем бердік, табиғатқа!

Сәлем бердік, баршаға.

Балалар, мен сендерді Астана қаласында қазір өтетін «Айтуға онай ... » бағдарламасына шақырғым келіп отыр. Бүгінгі қарлатын мәселе «Өмір, маған қымбатсын!» тақырыбында өтеді екен. Ендеше біз сол бағдарламаға барып өз ойларымызбен бөлісіп қайтсақ қалай қарайсындар?

Балалар: - ия, ия барайық, қатысайық.

→ Ендеше балалар Астана қаласына немен барамыз? (Поездбен, ұшақпен, автобуспен...)

→ Ұшақпен

→ Ұшаққа отыру үшін не керек?

→ Билет керек.

→ Билетті қалай аламыз?

→ Сатып аламыз.

→ Қазір бізге билет сатып алу үшін не керек?

→ Ақша керек.

→ Ақша табу үшін не істеу керекпіз?

→ Еңбек ету керекпіз.

→ Ендеше, балалар, қазір еңбектеніп, мынау сұрақтарға жауап беріп, ақша табасындар.

Сұрақ:Балалар өмір дегеніміз не? Оны қалай түсінеміз?



Өмір - сенің мүмкіндігің,пайдалана біл;



Өмір - сұлулық, сүйсіне біл;  
 Өмір - арман, жүзеге асыр;  
 Өмір - парыз, орындай біл;  
 Өмір - ойын, ойнай біл;  
 Өмір - байлық, бағалай біл;  
 Өмір - махаббат, ләззат ала біл;  
 Өмір - құпия, сырын аш;  
 Өмір - қайғы, көтере біл;  
 Өмір - күрес, жене біл;  
 Өмір - бақыт, баянды ете біл.  
 Дұрыс айтасындар балалар. Сендердің жауаптарына өте ризамын!

Барысы:

Армысыздар ұстаздар мен оқушылар! Алтын уақытын бізге киган көрермендер. «Айтуға оңай...» бағдарламасына қош келдіңіздер! Бүгінгі қаралатын мәселе өмір жайлы болмақ. Астындашетелдік машина, бірақаттыауырады. Оладам бақыттыма ? Миллион теңгеақшасы бар, бірақауырады. Оладам бақытты ма ? 3 үлкен әдеміүйі бар. Бірақауырады – оладамше? Жок. Ал сонда дүниедегі еңбасты бақыт не екен ? - Денсаулық.



Мариям:

Өмір, өмір! Өмірдің мәні қандай?  
 Қайратынды жігерге жанығандай.  
 Жүріндер бұл өмірде қол ұстасып  
 Достықтарың жарасып дәл осылай.  
 Шыдамдыны мына өмір ұнатады,  
 Бірде қуантып, бірде жылатады,  
 Сүріндіріп кейде сені құлатады.  
 Жылатып тұрып жұбатады.  
 Дұшпандарға кейде сені сынатады,  
 Қатал тағдар бірақта шыдатады,  
 Мына өмір бірақта қымбат әлі.

Мұғалім:

- 1-топ « Өмірге мен ғашықпын»  
тақырыбында коллаж
- 2-топ « Менің өмірлік құндылықтарым»  
( оқушылар құндылықтарды арнайы әзірленген алақан суретіне тізіп жазады)
- 3- топ « Өмірге деген құштарлық, махаббатым»  
тақырыбында өз шығармашылықтарын көрсету



4-топ «Әр күн жаңа өмір» сурет салу, өмірге көзқарастарын жазу

**Мұғалім:** Өмір дегеніміз – адам баласының туған күнінен бастап, осы күнге дейінгі жүрген жолы.. Өмір былайша алып қарағанда төрт-ақ әріптен тұратын сөз. Алайда осынау сөзге қаншама ұғым сыйып жатыр десеңізші. Оның әрбір мезеті сынақтан тұрады. Қиындық пен қуаныш кезектесіп жетіп отырады. Басқаша алып қарағанда өмір шеті де, шегі де көрінбейтін үлкен өзен тәрізді. Ал, біз сол өзенде ақырын жүзген қайықпыз. Өмірдің кедір-бұдыр жерлері толып жатыр. Олар әр адым сайын ұшырасады. Оларды именбей, жасқанбай, өту-ол да бақыттың бір шыңы. Ештеңеге мойымай, өзіне сенімді болсаң, қиындықты жеңсең – сол бақыт.



**Қорытынды:**

Біз бүгінгі бағдарламамызда нашақорлық жайында ашық әңгіме жасадық. Осы тақырып төңірегіндегі өз ойларымызды ортаға салып, жолдастарымыздың пікірлерін білдік, тыңдадық. Сөз соңында «Адамды өмір үйретеді, үйретпесе күйретеді» дегендей «Өмірдің қызығын көрудің бір-ақ жолы бар батыл болып, жеңілістер мен ауыртпалықтардан қорықпау» дегім келеді. Біз бақыттымыз, себебі біз тәуелсіз мемлекетте өмір сүреміз. Денсаулығыңыз мықты болсын, спортпен айналысыңыз. Сіз ел үшін керексіз. Өйткені сіздер – тәуелсіз еліміздің болашағысыздар! Жаксыға жакын жүріп, жанымызды жадырата білсек, біз үшін төнген қауіп жоқ, бойды басар дерт те жоқ деп қорытындылағым келеді. Олай болса, өмірден өз еншілеріңізді алудан кеш қалмаңыздар!!!!  
**ӘРИНЕ, БҰЛ «АЙТУҒА ОҢАЙ ...» бағдарламасы!!!**  
Келесі кездескенше сау болыңыздар!



## «Көтеріңкі көңіл-күй-жанға қуат береді» сергіту тренингі

**Мақсаты:** тренингке қатысушылардың эмоционалдық көңіл-күйін көтеру, шаршағандықтарын басу, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру,

### Өтілу барысы:

1. «Бір-бірімізбен амандасайық»
2. «Кел, танысайық»
3. «Көңіл- күйімді тап»

### «Бір-бірімізбен амандасайық»

**Міндеттері :** бір –біріне жақын болуға, бір-бірін түсіне білуге, тренингке қатынасушылар арасында жағымды атмосфера қалыптастыру.


I нұсқа: оң және сол жақ көршілеріңізбен құшақтасып амандасамыз.

II нұсқа: арқаларыңызды тигізу арқылы

III нұсқа: ламбада би билеп шығу.


Қатысушыларға әртүрлі көңіл-күй мен эмоциядағы суреттер таратылады.

Қатысушы тез арада сұраққа жауап беруі тиіс: «Бұл қандай эмоция және көңіл-күй, адамдарда мұндай көңіл-күй қайдан болады? Сенде осындай көңіл-күй болды ма?» Осындай көңіл-күйді пантомимо арқылы көрсету. Бұл ойын әрбір адамның сауаттылығын, мінез, көңіл-күйін, салауаттылық қабілетін өзгерте білуіне, салауаттылық арқылы өзгелермен еркін араласу қабілеттерінің дамуына көмектеседі.



Бүгін сіздердің психикалық көңіл - күйлеріңізді көтеруге, өз бойларыңыздағы шығармашылық қабілеттеріңізді бағалай білуге, өз - өзіңізге құрметпен қарауға, бір - бірімізбен сыйластық қарым - қатынаста болуға арналған тренингке ұйымшылдықпен қатысуға шақырамын. Адамның қарым-қатынасы оның көңіл-күйіне байланысты. Көңіл-күй – адамның ішкі дүниесінің құбылысы, Көңіл-күй – адамның айнасы. Қарым-қатынас жасау арқылы адамдар мәлімет алады, жан дүниесі кеңейеді, білімі тереңдейді. Адамдармен қарым-қатынас жасау шеберлігі адамның ішкі мәдениетіне, біліміне, тәрбиесіне байланысты болады десек артық емес. Ендеше қарым-қатынасқа түсу үшін шеңбер жасайық. Қолдарымыздан ұстап атымыздың бас әрпін сын есіммен тіркестіріп айтамыз. Мысалы. Көрікті Камшат, әдемі Әсем, қайратты





Енді міне, кездесуіміздің соңында мен сіздерге өз жүрегімнен шыққан жылы сөздерді сыйлаймын (жанданған жылы сөздер таратылып беріледі). Осы жылылықты әр кезде бірге алып жүріп, айналамыздағы адамдарға айтып жүріңіздер

**Қорытынды:** Біздің жаттығуларымыз аяқталуға жақын қалды. Мен сіздердің барлығыңызға қатысқандарыңыз үшін ризамын. Мен сіздермен жұмыс жасағанымға өте қуаныштымын. Тренингке қатысушылар тренингтен алған әсерлерін, жүргізушіге деген тілектерін

Тренингке қатысқандарыңызға рақмет! Сау болыңыздар!



## Сабақтың тақырыбы: Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен

**Сабақтың мақсаты:** Балаларды жақсы мен жаманды ажырата және өмірде қолдана білуге үйрету; жақсы мен жаман туралы түсінік беру; жақсы мен жаманды салыстыра білу іскерліктерін дамыту; жақсы істер мен әрекеттер жасауға тәрбиелеу.

**Сабақтың көрнекілігі:** сюжетті суреттер, мақал-мәтел, нақыл сөздер.

**Сабақтың барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі. Шаттық шеңбері**

Балалар шеңбер құрып, мұғаліммен бірге өлең оқиды

Жақсылықтан үйреніп,

Боламыз біз жақсы адам.

Жамандықтан жиреніп,


Үлгі аламыз жақсыдан.

Сабақтың тақырыбын түсінуге жетелеу мақсатында оқушыларға сұрақ қойып, әңгімелесу.

— Өлең жолдарында не туралы айтылған?

*Балалардың жауабы тыңдалады.*

— Біз бүгін «жақсы деген не?», «жаман деген не?» сұрақтары төңірегінде, жақсы әрекеттер жасау, жақсыдан үйрену, жаманнан жирену, адамды, айналасын зор қуанышқа бөлеп, бақытқа жетелейтіні туралы айтамыз.



### Әңгімелесу

Жақсылықты, жамандықтан ажырата білуді үйрету мақсатында әңгімелесу жүргізу. Сұрақ-жауап:

-Жақсы деген не?

-«Жаман» дегенде ойларыңа не түседі?

*Балалардың жауаптарын тыңдап, қорытынды жасау.*

### Нақыл сөзбен жұмыс

— «Жақсы болу — өз қолыңда» деген халық даналығында үлкен мән бар. Жақсы болуды басқа біреуден іздеп керегі жоқ. Адамның жақсы істерге, жақсы әрекеттерге, ұмтылуы, айналасындағылармен сыйлы қарым-қатынастар жасауы, өтірік айтпауы, сөзінде тұруы, жақсылардан үйренуі өзіне байланысты. Сондай-ақ жаман әрекеттерден де қашық болуы — өзінің қолында.



### Суреттермен жұмыс

Суреттерге қарап, жақсы іс пен жаман істі ажыраттырып, әңгімелету.

Ойын-жаттығу «Жұмбақ өлең»



«Жұмбақ өлең» ойын-жаттығуында балалардың жақсы мен жаманды ажырата алуларына мүмкіндік беру.

— Балалар, мен сендерге С.Оспановтың «Не жақсы, не жаман?» өлеңін шумақтарға бөліп оқимын. Сендер әр шумақ соңында, сол шумақта не жақсы, не жаман туралы айтылғанын тауып, жақсы туралы айтылған болса, «жақсы» деп, жаман туралы айтылған болса «жаман» деп жауап беріп отырасыңдар.

Биязы мінез тіл алғыш,  
Бал-бұл жанып жүретін,  
Баурмалдық сол — ? жақсы  
Үйдің ішін тазалап,  
Үстіне де қарайлап,  
Үлгере алсаң сол — ? жақсы  
Ашу деген пеледен,  
Алшақ жүріп жанаспай,



Адамның сыртқы бейнесі оның ішкі жан дүниесімен тығыз байланысты. Ішкі жан дүние — мінез-құлық. Дауыс көтеріп оспадарсыз сөйлесең, сыртқы бейнең қанша сұлу болып, әдемі киініп тұрсаң да жарасым таппайды. «Киіміне қарай қарсы алып, Ақылына қарай шығырып алады» деген ұғым осыны меңзеп тұрған секілді. Адаммен қарым-қатынасын сөз ғой, сондықтан да айналаңнан күнделікті өмірде жақсы, жанға жағымды сөзбен дауысыңды, сөйлеу мәнеріңді түзетіп, жақсылықты бойыңа жина. Ата- ана әрқашан балаларының «Еліне елеулі, халқына қалаулы» азамат болуын қалайтыны белгілі. Ал тәрбиені дұрыс не бұрыс қабылдау баланың тікелей өзіне байланысты. Кейбір балалар ғаламтордан керекті мағлұматтарды алудың орнына кері әсер тигізер ойындарға әуес. Сонымен қатар жастайынан дөрекі сөйлеу, темекі шегу сияқты жаман әдеттерге бой алдырулары көңілге кірбің ұялатады.

**Қортынды:** Тоқсан ауыз сөздің, тобықтай түйініне келсек, қазақтың алтын асықтай ұл-қызлары «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деген халық даналығын әрқашан бойға сіңіріп өткендерін қалар едік.

Біз жастар еліміздің болашағымыз! Елдің болашағы бұлыңғыр болмауы тиіс. «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын» - деп ұлы Абай атамыз айтқандай өмірімізге балта шаппайық, жарқын болашағымызды қараңғы етпейік-деп замандастарға, аға буынға үндеу тастаймын!

Қараңғы етпе жас өмірдің аспанын,  
Өмір өтер сондай қысқа қас қағым.  
Қасіртке айналмасын тағдырың,  
Уланбасын есірткіге жас жаның! —демекпін